**Правила веб-сайта realday.kz**

***1. Общие положения***

1.1. Владельцем и администратором веб-сайта https://realday.kz (далее – «Веб-сайт») является ТОО «Джей Ти Ай Казахстан». К администрированию Веб-сайта также могут быть привлечены другие лица (далее все вместе – «Администратор»).

1.2.Администратор вправе вносить изменения и дополнения в настоящие правила Веб-сайта (далее – «Правила») без согласия и уведомления Участников.

1.3.Пользователями Веб-сайта могут быть только дееспособные граждане Республики Казахстан, проживающие в Республике Казахстан, достигшие 21 года, являющиеся потребителями табачных изделий, зарегистрировавшиеся на Веб-сайте либо получившие доступ на Веб-сайт иным способом (далее – «Участники»).

1.4.Администратор вправе в любое время изменять оформление Веб-сайта, его содержание, любой или весь контент, изменять или дополнять используемые скрипты, программное обеспечение и другие объекты, используемые или хранящиеся на Веб-сайте, ограничить доступ к Веб-сайту или к отдельным его разделам с уведомлением Участников или без такового. Администратор не несет обязательств регулярно обновлять информацию на Веб-сайте.

1.5.Запрещается использование Веб-сайта Участниками для рекламы любых товаров, работ и услуг.

1.6.Если по тем или иным причинам одно или несколько положений настоящих Правил будут признаны недействительными или не имеющими юридической силы, это не окажет влияния на действительность или применимость остальных положений.

***2.Порядок регистрации на сайте***

2.1.Каждому Участнику при регистрации присваивается учетная запись (не более одной для каждого Участника).

2.1.1. При регистрации непосредственно на Веб-сайте каждый Участник обязан заполнить соответствующую регистрационную форму, а также загрузить копию своего удостоверения личности.

2.1.2. В случае если Участник уже зарегистрирован на Веб-сайте и (или) имеет индивидуальные логин и пароль, необходимости в повторной регистрации нет. Участнику необходимо ввести в качестве логина номер мобильного телефона, которые были указаны в регистрационной анкете, и, используя свой существующий пароль, зайти на Веб-сайт.

2.2.В соответствии с Законом Республики Казахстан «О персональных данных и их защите» от 21 мая 2013 года № 94-V ЗРК регистрируясь на Веб-сайте, Участник предоставляет ТОО «Джей Ти Ай Казахстан» и уполномоченным им лицам своё письменное согласие на сбор, обработку, использование, накопление, блокирование, обезличивание, уничтожение, хранение в течение неограниченного срока, распространение, а также на трансграничную передачу и передачу третьим лицам без уведомления Участника любых персональных данных Участника в целях: 1) создания и ведения базы любого формата, содержащей персональные данные потребителей табачных изделий, достигших 21 года; 2) предоставления им и получения от них любых информации, материалов и продукции любыми средствами связи. Данное согласие предоставляется на неограниченный срок.

2.3.Любые действия, совершенные с использованием логина и пароля Участника, считаются совершенными соответствующим Участником. В случае несанкционированного доступа к логину и паролю и (или) персональной странице Участника, или передачи логина и пароля третьим лицам Участник обязан незамедлительно сообщить об этом Администратору.

2.4.Регистрация Участника на Веб-сайте означает полное и безоговорочное согласие Участника с настоящими Правилами, а также согласие получать новости и уведомления от Веб-сайта с возможностью в дальнейшем отписаться от получения сообщений рассылки.

***3.Права и обязанности Участников Веб – сайта***

3.1.Общие положения

3.1.1. Став пользователем Веб-сайта, Участник подтверждает, что ознакомлен и согласен с настоящими Правилами.

3.1.2. Участник обязуется соблюдать настоящие Правила, предоставлять корректную и достоверную информацию о себе.

3.1.3. Участник имеет права и обязанности, установленные законодательством Республики Казахстан, а также настоящими Правилами.

3.1.4. Участник обязан использовать Веб-сайт, соблюдая настоящее Положение, таким образом, чтобы не нарушать прав других Участников и любых иных третьих лиц, не ограничивать и не препятствовать доступу других лиц к Веб-сайту и пользованию им.

3.2.Участникам не допускается размещение информации и изображений, содержащих

3.2.1. Нецензурную, ненормативную лексику, в том числе в адрес других Участников и любых третьих лиц, в адрес каких-либо товаров, работ и услуг, а также высказывания оскорбительного и дискриминационного характера по любому признаку (пол, национальность, социальное положение и др.);

3.2.2. Рекламу, спам;

3.2.3. Лексику, нарушающую общепринятые нормы морали и нравственности, эротические или порнографические материалы;

3.2.4. Любые иные высказывания, не соответствующие, по мнению Администратора, тематике Веб-сайта.

## *4.Права и обязанности Администратора*

4.1.Общие положения

4.1.1. Администратор имеет права и обязанности, установленные действующим законодательством Республики Казахстан, а также настоящими Правилами.

4.1.2. Администратор не несет ответственности за неисполнение либо ненадлежащее исполнение своих обязательств, а также за какие-либо прямые и косвенные убытки Участников, связанные с использованием Веб-сайта, явившиеся результатом сбоев в телекоммуникационных и энергетических сетях, включая сбои сотовой связи и сбои доступа в Интернет, отсутствие технической возможности зачисления баллов по причинам, не зависящим от Администратора, в том числе по причине действий вредоносных программ, недобросовестных действий третьих лиц, направленных на несанкционированный доступ и (или) выведение из строя программного и (или) аппаратного комплекса Веб-сайта, а также обстоятельств непреодолимой силы.

4.1.3. Администратор не несет ответственности за любые убытки, причинённые Участнику вследствие использования им или третьими лицами приза и (или) участия в Активностях Веб-сайта.

4.1.4. Администратор считается исполнившим свою обязанность по выдаче приза в момент передачи приза курьерской или почтовой службе приза. Моментом отправки призов, пересылаемых по электронной почте или через электронную систему платежных систем, считается дата отправления электронного письма (бонуса) на электронную почту или мобильный телефон Участника. Моментом отправки призов, пересылаемых курьерской или почтовой службой, считается дата, указанная в накладной курьерской службы, или дата почтового штемпеля на отправлении.

4.1.5. Администратор не несет ответственности за утерю или несвоевременную доставку призов, произошедшую по вине третьих лиц, в том числе по вине курьерской или почтовой служб.

4.2.Права Администратора

4.2.1. Администратор вправе заблокировать вход Участнику на Веб-сайт или прекратить участие Участника в той или иной программе на Веб-сайте, если возникли подозрения, что Участник (или другое лицо, действующее в интересах Участника) пытается осуществить регистрацию дополнительных аккаунтов.

4.2.2. Администратор вправе заблокировать вход Участнику на Веб-сайт или прекратить участие Участника в той или иной программе на Веб-сайте без предоставления взамен каких-либо компенсаций и призов, а также без возмещения каких-либо расходов Участника, если Администратор обнаружит, что Участник имеет учетную (-ые) запись (-и) на других веб-сайтах ТОО «Джей Ти Ай Казахстан» и (или) ФИО Участника, его телефонный номер, адрес или любые иные данные Участника используются на других веб-сайтах ТОО «Джей Ти Ай Казахстан».

4.2.3. Администратор вправе заблокировать вход Участнику на Веб-сайт, если такой Участник не соответствует требованиям, изложенным в пункте 1.3 настоящих Правил, или любым иным образом нарушает настоящие Правила без предоставления взамен каких-либо компенсаций и призов, а также без возмещения каких-либо расходов Участника.

4.2.4. Администратор вправе не информировать таких Участников об их блокировке или исключении их из программ и не обязан возмещать какие-либо убытки Участников, возникшие в связи с этим, а также вправе лишить данных Участников права на получение призов, в том числе уже выигранных.

4.2.5. В случае предоставления пользователем неполных и (или) недостоверных данных при регистрации на веб-сайте и (или) в любое иное время, Администратор и (или) уполномоченное им лицо вправе отказать такому пользователю в получении любого приза и (или) любого иного вознаграждения без предоставления взамен каких-либо компенсаций и без возмещения каких-либо убытков пользователя.

4.3.Способ доставки призов определяется Администратором.

4.4.Администратор оставляет за собой право на проведение технических работ на Веб-сайте в любой период без уведомления Участников. В период проведения технических работ Веб-сайт может быть недоступен.

4.5.Администратор предоставляет в налоговые органы сведения о доходах физических лиц в связи с получением призов в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан.

4.6.Администратор не несет ответственности за неисполнение каких-либо своих действий, если такое неисполнение произошло вследствие отзыва Участником своих персональных данных.

4.7.Администратор не несет ответственности за действия или бездействие любых лиц в отношении использования Веб-сайта.

4.8.Администратор не несет ответственности за любой ущерб компьютеру Участника или иного лица, мобильным устройствам, любому другому оборудованию или программному обеспечению, вызванный или связанный с использованием Веб-сайта.

## ***5.Призы***

5.1.Общие положения

5.1.1. За участие в активностях (опросы, тесты, игры и др.) на Веб-сайте Участник может получать гарантированные призы и (или) принимать участие в розыгрышах призов.

5.1.2. Администратор на свое усмотрение определяет активности, за участие в которых возможно получение призов и (или) участие в розыгрыше призов.

5.1.3. Список призов может изменяться по решению Администратора.

5.1.4. Внешний вид призов, их параметры и характеристики могут отличаться от их изображения на Веб-сайте.

5.1.5. Право собственности на приз, а также все риски и расходы, связанные с призом, переходят к Участнику в момент его вручения Участнику.

5.1.6. Администратор не несёт ответственность за качество призов. Все претензии по качеству призов необходимо адресовать их изготовителям или продавцам.

5.1.7. Количество призов ограничено. В случае окончания призов, Администратор вправе отказать Участнику в выдаче приза без предоставления взамен каких-либо компенсаций и призов, а также без возмещения каких-либо расходов Участника.

5.1.8. В случае если Участник не совершил действий, необходимых для получения приза, в указанный Администратором срок, такой Участник теряет своё право на получение приза без предоставления взамен каких-либо компенсаций и призов, а также без возмещения каких-либо расходов Участника.

5.2.Порядок и сроки получения призов

5.2.1. Призы не выдаются при несоблюдении Участником настоящих Правил. Призы не подлежат обмену на денежный эквивалент. Призы обмену и возврату не подлежат.

5.2.2. Срок доставки призов зависит от курьерской службы. В случае возникновения вопросов по доставке просим обращаться в курьерскую службу по телефону: +7 (727) 3-777-000. Срок доставки призов может увеличиваться по следующим причинам:

- доставка призов осуществляется в отдаленные регионы;
- доставка задерживается по вине третьих лиц;
- в случае форс-мажорных ситуаций;
- по причине технических проблем на Веб-сайте;
- другие причины.

## ***6.Особые условия***

6.1.Решения Администратора по всем вопросам, связанным с Веб-сайтом, являются окончательными и не подлежащими пересмотру.

6.2.Приз может получить только Участник, данные которого указаны в сопроводительной накладной курьера, доставившего приз. Для получения приза Участнику необходимо предъявить курьеру своё удостоверение личности, а также передать курьеру его копию. Администратор вправе не выдавать приз Участнику в случае наличия различий в данных удостоверения личности и информации на Веб-сайте.

6.3.Для получения приза перечисление денег на счет Администратора либо третьих лиц, или передача иного имущества не требуется. При получении подобных требований просьба незамедлительно уведомить Администратора.

6.4.Все комментарии, оставленные Участниками на Веб-сайте, проходят модерацию. Администратор вправе удалять комментарии, которые противоречат настоящим Правилам или, по мнению Администратора, не должны размещать на Веб-сайте.

6.4.1. Участник обязуется не использовать Веб-сайт для загрузки, посылки, передачи или любого другого способа размещения материалов, которые:

6.4.1.1. нарушают любые права любых третьих лиц;

6.4.1.2. являются незаконными, вредоносными, угрожающими, клеветническими, оскорбляют нравственность, пропагандируют ненависть и (или) дискриминацию людей по любому признаку, содержат оскорбления и т.п.;

6.4.1.3. ограничивают или запрещают любому другому Участнику использование Веб-сайта;

6.4.1.4. поощряют незаконное поведение или содержат вирус или другой вредный компонент, рекламу любого вида либо ложные или вводящие в заблуждение факты.

REALDAY.KZ

ВЕБ-САЙТЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Жалпы ережелер

1.1 vhttps://realday.kz веб-сайтының (бұдан әрі «Веб-сайт» деп аталады) иесі әрі әкімшісі – «Джей Ти Ай Қазақстан» ЖШС. Веб-сайтты басқаруға басқа тұлғалар да (бұдан әрі бірге «Әкімші» деп аталады) қатысуы мүмкін.

1.2. Әкімші Қатысушылардың келісімінсіз және оларға хабарламай, Веб-сайттың осы ережелеріне (бұдан әрі «Ережелер» деп аталады) өзгертулер мен толықтырулар енгізуге құқылы.

1.3. Веб-сайтты Қазақстан Республикасында тұратын, темекі өнімдерінің кәмелетке толған тұтынушылары болып табылатын, Веб-сайтта тіркелген не Веб-сайтқа басқа тәсілмен кірген Қазақстан Республикасының іс-әрекетке қабілетті азаматтары ғана (бұдан әрі «Қатысушылар» деп аталады) пайдалана алады.

1.4. Әкімші кез келген уақытта Веб-сайттың дизайнын, оның мазмұнын, кез келген не барлық контентті өзгертуге, пайдаланылатын скриптілерді, бағдарламалық құралды және Веб-сайтта пайдаланылатын не сақтаулы басқа объектілерді өзгертуге не толықтыруға, Қатысушыларға хабарлап не хабарламай Веб-сайтқа не оның жеке бөлімдеріне кіру рұқсатын шектеуге құқылы. Әкімші Веб-сайттағы ақпаратты тұрақты түрде жаңартып тұруға міндетті емес.

1.5. Қатысушыларға Веб-сайтты кез келген тауар, жұмыс не қызметті жарнамалау үшін пайдалануға тыйым салынады.

1.6. Қандай да бір себеппен осы Ережелердің бір не бірнеше тармағы жарамсыз не заңды күші жоқ деп танылса, ол қалған тармақтардың жарамдылығы мен қолданысына әсер етпейді.

2. Сайтқа тіркелу тәртібі

2.1. Әт қатысушыға тіркелгенде есептік жазба беріледі (бір Қатысушыға біреуден артық емес).

2.1.1. Веб-сайтқа тікелей тіркелгенде әр Қатысушы тиісті тіркелу формасын толтырып, жеке куәлігінің көшірмесін жүктеп салуы тиіс.

2.1.2. Қатысушы Веб-сайтқа тіркеліп қойған және (немесе) оның дербес логині мен құпия сөзі болса, қайта тіркелудің қажеті жоқ. Қатысушы тіркелу сауалнамасында көрсеткен ұялы телефон нөмірін логин ретінде енгізіп, қолданыстағы құпия сөзін пайдаланып Веб-сайтқа кіруі қажет.

2.2. Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V ҚРЗ «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңына сәйкес Веб-сайтқа тіркеле отырып, Қатысушы «Джей Ти Ай Қазақстан» ЖШС-ға және оның өкілетті тұлғаларына берген кез келген дербес дерегін оған хабарламай жинауға, өңдеуге, пайдалануға, жинақтауға, блоктауға, даралықтан айыруға, жоюға және шексіз мерзімге сақтауға, таратуға, сондай-ақ шекара асыруға және үшінші тұлғаларға төменде көрсетілген мақсаттар үшін беруге жазбаша келісімін береді: 1) темекі өнімдерінің кәмелетке толған тұтынушыларының дербес деректері бар кез келген форматтағы база жасау және жүргізу; 2) кез келген байланыс құралы арқылы кез келген ақпаратты, материалды және өнімді оларға беру және олардан алу. Бұл келісім шексіз мерзімге беріледі.

2.3. Қатысушының логині мен құпия сөзін пайдаланып жасаған кез келген әрекетті Қатысушының өзі жасаған болып саналады. Қатысушының логині мен құпия сөзіне және (немесе) жеке парақшасына рұқсатсыз кірген жағдайда немесе логині мен құпия сөзі үшінші тұлғаларға берілген жағдайда, Қатысушы осы туралы Әкімшіге дереу хабарлауға міндетті.

2.4. Қатысушының Веб-сайтқа тіркелуі оның осы Ережелермен толық әрі сөзсіз келісетінін, сондай-ақ жалпы таратылым хабарларын алып тұрудан бас тарту мүмкіндігімен Веб-сайттан жаңалықтар мен хабарламалар алып тұруға келісім беретінін білдіреді.

3. Веб-сайт Қатысушыларының құқықтары мен міндеттері

3.1. Жалпы ережелер

3.1.1. Веб-сайттың пайдаланушысына айналған Қатысушы осы Ережелермен танысқанын және келіскенін растайды.

3.1.2. Қатысушы осы Ережелерді сақтап, өзі туралы дұрыс әрі шынайы ақпарат беруге міндетті.

3.1.3. Қатысушы Қазақстан Республикасының заңнамасында, сондай-ақ осы Ережелерде белгіленген құқықтар мен міндеттерге ие.

3.1.4. Қатысушы басқа Қатысушылар мен кез келген үшінші тұлғаның құқықтарын бұзбай және басқа тұлғалардың Веб-сайтқа кіруіне және пайдалануына кедергі жасамай және шектемей, осы Ережелерді сақтай отырып, Веб-сайтты пайдалануға міндетті.

3.2. Қатысушыларға мынадай ақпаратты не суреттерді жүктеуіне тыйым салынады:

3.2.1. балағат, нормаға жатпайтын лексика қолданылған, соның ішінде басқа Қатысушылар мен кез келген үшінші тұлғаға, қандай да бір тауарға, жұмысқа және қызметке айтылған, сондай-ақ кез келген (жынысы, ұлты, әлеуметтік жағдайы және т.б.) белгісі бойынша қорлау және кемсітушілік сипаттағы пікірлер;

3.2.2. жарнама, спам;

3.2.3. жалпы мораль мен адамгершілік нормаларына қайшы келетін лексика, эротикалық және порнографиялық материалдар;

3.2.4. Әкімшінің ойынша Веб-сайт тақырыбына сай келмейтін кез келген пікір.

4. Әкімшінің құқықтары мен міндеттері

4.1. Жалпы ережелер

4.1.1. Әкімші Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, сондай-ақ осы Ережелерде белгіленген құқықтар мен міндеттерге ие.

4.1.2. Әкімші өз міндеттемелерін орындамағанына не тиісті түрде орындамағанына, сондай-ақ телекоммуникациялық және энергетикалық желі ақауларынан, соның ішінде ұялы байланыс және Интернетке кіру ақауларынан, Әкімші түзете алмайтын себептермен, оған қоса Веб-сайтқа рұқсатсыз кіруге және (немесе) бағдарламалық және (немесе) аппараттық кешенін істен шығаруға бағытталған зиянды бағдарламалардың, үшінші тұлғалардың арам ниетті әрекеттерінен балдарды есептеудің техникалық мүмкіндігі болмауынан, сонымен қатар еңсерілмейтін күш жағдайларынан болған Қатысушының Веб-сайтты пайдалануына байланысты ұшыраған қандай да бір тікелей не жанама шығынына жауапты болмайды.

4.1.3. Әкімші Қатысушының не үшінші тұлғалардың жүлдені пайдалануы және (немесе) Веб-сайт шараларына қатысуы салдарынан Қатысушы ұшыраған ешбір шығынға жауапты болмайды.

4.1.4. Әкімші жүлдені курьер не пошта қызметіне берген сәттен бастап өз міндетін орындаған болып саналады. Қатысушының электрондық поштасына не ұялы телефонына электрондық хат (бонус) жіберілген күн электрондық пошта немесе электрондық төлем жүйелері арқылы жіберілетін жүлделерді жіберу сәті болып саналады. Курьер қызметінің жүкқұжатында не жіберілетін затқа басылған пошта мөрінде көрсетілген күн курьер не пошта қызметі арқылы жіберілетін жүлделерді жіберу сәті болып саналады.

4.1.5. Әкімші үшінші тұлғалардың, соның ішінде курьер не пошта қызметінің кесірінен жүлденің жоғалуына не уақытылы жеткізілмеуіне жауапты болмайды.

4.2. Әкімші құқықтары

4.2.1. Қатысушы (немесе Қатысушының мүддесіне әрекет ететін басқа тұлға) қосымша аккаунттарды тіркеуге әрекет етіп жатқаны туралы күдік пайда болса, Әкімші Қатысушының Веб-сайтқа кіру рұқсатын блоктауға не Қатысушының Веб-сайттағы қандай да бір бағдарламаға қатысуын тоқтатуға құқылы.

4.2.2. Әкімші Қатысушының «Джей Ти Ай Қазақстан» ЖШС-ның басқа веб-сайттарында есептік жазбасының бар екенін және (немесе) Қатысушының аты-жөні, телефон нөмірі, мекенжайы немесе кез келген басқа дерегі «Джей Ти Ай Қазақстан» ЖШС-ның басқа веб-сайттарында пайдаланылатынын анықтаса, Әкімші Қатысушыға орнына ешқандай өтемақы мен жүлде бермей, сондай-ақ Қатысушының ешбір шығынын өтемей, оның Веб-сайтқа кіру рұқсатын блоктауға және Веб-сайттағы қандай да бір бағдарламаға қатысуын тоқтатуға құқылы.

4.2.3. Қатысушы осы Ережелердің 1.3-тармағындағы талаптарға сай келмесе немесе осы Ережелерді қандай да бір жолмен бұзса, Әкімші орнына ешқандай өтемақы және жүлде бермей, сондай-ақ Қатысушының ешқандай шығынын өтемей, Қатысушының Веб-сайтқа кіру рұқсатын блоктауға құқылы.

4.2.4. Әкімші бұндай Қатысушыларға блокталғаны не бағдарламадан шығарылғаны туралы хабарламауға құқылы және Қатысушылардың осыған байланысты қандай да бір шығынын өтеуге міндетті емес, сондай-ақ осындай Қатысушыларды жеңіп алған жүлделерімен қоса, жүлде алу құқығынан айыруға құқылы.

4.2.5. Пайдаланушы веб-сайтқа тіркелгенде және (немесе) кез келген басқа уақытта толық және (немесе) шынайы деректер бермеген жағдайда, Әкімші және (немесе) оның өкілетті тұлғасы ондай пайдаланушыға еш өтемақы бермей және ешқандай шығынын өтемей, кез келген жүлдені және (немесе) өзге де сыйлықтарды беруден бас тартуға құқылы.

4.3. Жүлдені жеткізу тәсілін Әкімші белгілейді.

4.4. Әкімші Қатысушыларға хабарламай, кез келген уақытта Веб-сайтта техникалық жұмыстар жүргізу құқығын өзіне қалдырады. Техникалық жұмыстар барысында Веб-сайтқа кіру мүмкін болмайды.

4.5. Әкімші Қазақстан Республикасының заңнамасындағы талаптарға сәйкес жүлделерді алуға байланысты жеке тұлғалардың кірістері туралы мәліметтерді салық органдарына береді.

4.6. Әкімшінің қандай да бір әрекетті орындамауы Қатысушының дербес деректерін қайтарып алуынан болған жағдайда, Әкімші осы әрекеттерді орындамағаны үшін жауапты болмайды.

4.7. Әкімші Веб-сайтты пайдалануға қатысты кез келген тұлғаның әрекеттеріне не әрекетсіздігіне жауапты емес.

4.8. Әкімші Веб-сайтты пайдаланудан болған не пайдалануға байланысты Қатысушының не басқа тұлғаның компьютеріне, мобильді құрылғыларына, кез келген басқа жабдыққа не бағдарламалық құралға тиген залалға жауапты болмайды.

5. Жүлделер

5.1. Жалпы ережелер

5.1.1. Веб-сайттағы шараларға (сауалнамалар, тестілер, ойындар және т.б.) қатысқаны үшін Қатысушы кепілді жүлделер ала алады және (немесе) жүлде ұтыстарына қатыса алады.

5.1.2. Әкімші қатысқаны үшін жүлделер берілетін және (немесе) жүлделер ұтысына қатысу мүмкіндігі берілетін шараларды өз қалауына қарай анықтайды.

5.1.3. Әкімші шешімімен жүлделер тізімі өзгеруі мүмкін.

5.1.4. Жүлделердің сыртқы түрі, олардың параметрлері мен сипаттамалары Веб-сайттағы суреттерінен өзгеше болуы мүмкін.

5.1.5. Жүлде Қатысушыға табысталған сәттен бастап жүлденің меншік құқығы, сондай-ақ жүлдеге байланысты барлық тәуекелдер мен шығындар Қатысушыға өтеді.

5.1.6. Әкімші жүлделер сапасына жауапты болмайды. Жүлделердің сапасына қатысты барлық шағымды олардың өндірушілеріне не сатушыларына жіберу керек.

5.1.7. Жүлделер саны шектеулі. Жүлделер бітіп қалса, Әкімші орнына ешқандай өтемақы мен жүлде бермей, сондай-ақ Қатысушының ешқандай шығынын өтемей, Қатысушыға жүлдені беруден бас тартуға құқылы.

5.1.8. Қатысушы Әкімші белгілеген мерзім ішінде жүлдені алуға қажет әрекеттерді орындамаса, бұндай Қатысушы орнына ешқандай өтемақы мен жүлде алмай, сондай-ақ ешқандай шығыны өтелмей, жүлдені алу құқығынан айырылады.

5.2. Жүлдені алу тәртібі және мерзімдері

5.2.1. Қатысушы осы Ережелерді сақтамаған жағдайда жүлделер берілмейді. Жүлделерді ақшаға ауыстыруға болмайды. Жүлделер ауыстырылмайды және қайтарылмайды.

5.2.2. Жүлделерді жеткізу мерзімі курьер қызметіне байланысты болады. Жеткізу жөнінде сұрақтар туындаған жағдайда, мына телефон нөмірі арқылы курьер қызметіне хабарласуыңызды сұраймыз: +7 (727) 258-33-33. Жүлделерді жеткізу мерзімі мына себептермен ұзаруы мүмкін:

- жүлделер алыс аймақтарға жеткізіледі;

- жеткізу үшінші тұлғалар кесірінен кешігуде.

- форс-мажор;

- Веб-сайттағы техникалық проблемалар;

- басқа себептер.

6. Ерекше жағдайлар

6.1. Әкімшінің Веб-сайтқа қатысты барлық мәселелер бойынша шешімдері кесімді болып табылады және қайта қарастырылмайды.

6.2. Жүлдені жеткізген курьердің ілеспе жүкқұжатында деректері көрсетілген Қатысушы ғана жүлдені ала алады. Жүлдені алу үшін Қатысушы курьерге өзінің жеке куәлігін көрсетуі, сондай-ақ курьерге оның көшірмесін беруі тиіс. Жеке куәлік деректері мен Веб-сайттағы ақпарат арасында айырмашылықтар болған жағдайда, Әкімші Қатысушыға жүлдені бермеуге құқылы.

6.3. Жүлдені алу үшін Әкімші не басқа үшінші тұлғаның шотына ақша аударудың не басқа мүлікті берудің қажеті жоқ. Осындай талаптары бар хабар алғанда, дереу Әкімшіге хабарлау керек.

6.4. Қатысушылардың Веб-сайтта қалдырған барлық ой-пікірлері модерациядан өтеді. Әкімші осы Ережелерге қайшы келетін немесе оның ойынша Веб-сайтта жарияланбауы керек ой-пікірлерді жоюға құқылы.

6.4.1. Қатысушы келесі сипаттағы материалдарды жүктеу, жіберу немесе кез келген басқа тәсілмен орналастыру үшін Веб-сайтты пайдаланбауға міндетті:

6.4.1.1. кез келген үшінші тұлғаның құқықтарын бұзатын;

6.4.1.2. заңсыз, зиянды, қорқыту-үркіту, ғайбат болып табылатын, адамгершілікті қорлайтын, адамдарды кез келген сипаты бойынша жек көруді және (немесе) кемсітуді үгіттейтін, тіл тигізетін және т.б.;

6.4.1.3. кез келген басқа Қатысушының Веб-сайтты пайдалануын шектейтін немесе тыйым салатын;

6.4.1.4. заңсыз әрекетті ынталандыратын немесе вирус не басқа зиянды компонентті, кез келген жарнаманы, я болмаса жалған не жаңылыстыратын фактілерді қамтитын.